# 14 ТДМ міндеттері

**14.1** 2025 жылға дейін теңіз қоқысымен және қоректік заттарды қоса есептегенде құрлықта әрекет ету салдарынан теңіз ортасының кез-келген ластануының алдын алу және едәуір қысқарту

**14.2** 2020 жылға дейін елеулі жағымсыз әсердің алдын алу мақсатында теңіз және жағалау экожүйелерінің тиімді пайдаланылуын және қорғанысын, атап айтқанда, осы экожүйелердің беріктігін арттыру арқылы қамтамасыз ету және мұхиттардың жақсы экологиялық жағдайы мен өнімділігін қамтамасыз ету мақсатында оларды қалпына келтіру шараларын қабылдау

**14.3** Мұхиттың қышқылдану салдарларын, соның ішінде барлық деңгейде ғылыми ынтымақтастықтың дамуының арқасында барынша азайту және жою

**14.4** 2020 жылға қарай олжаны тиімді реттеуді қамтамасыз ету және аулап бітіруге, заңсыз, хабарланбайтын және реттелмейтін балық аулауға және жойғыш балық аулау тәжірибесіне нүкте қою, сондай-ақ балық қорын кем дегенде осы қорлардың биологиялық сипаттамаларын ескере отырып, экологиялық оңтайлы аулауды қамтамасыз етуге қабілетті деңгейге дейін жеткізе отырып, ең қысқа мерзім ішінде қалпына келтіру үшін ғылыми негізделген шаруашылық қызметінің жоспарларын орындау

**14.5** 2020 жылға қарай ұлттық заңнамаға және халықаралық құқыққа сәйкес және қолда бар ең жақсы ғылыми ақпарат негізінде жағалау мен теңіз аудандарының кемінде 10 пайызын табиғат қорғау шараларымен қамту

**14.6** 2020 жылға дейін шамадан тыс қуаттылық пен аулап бітірудің пайда болуына алып келетін балық аулау субсидияларының кейбір нысандарына тыйым салу, заңсыз, хабарланбайтын және реттелмейтін балық аулауға септігін тигізетін субсидияларды алып тастау және дамушы және нашар дамыған елдерге қатысты ерекше және сараланған тәртіпті тиісті түрде және тиімді пайдалану Дүниежүзілік сауда ұйымының аясында өтіп жатқан балық аулауды субсидиялау туралы келіссөздердің ажырамас бөлігі болып табылуы тиіс екенін мойындай отырып, осындай жаңа субсидияларды енгізуден бас тарту

**14.7** 2030 жылға қарай шағын аралдық дамушы мемлекеттер мен онша дамымаған елдердің теңіз ресурстарын экологиялық тиімді пайдаланудан, сондай-ақ балық шаруашылығын, акваөсіру мен туризмді экологиялық тиімді ұйымдастыру нәтижесінде алынатын экономикалық пайданы көтеру

**14.a** Мұхит ортасының экологиялық жағдайын жақсарту үшін және теңіздік биологиялық алуан түрліліктің дамушы елдердің, әсіресе шағын аралдық дамушы мемлекеттердің және нашар дамыған мемлекеттердің дамуына қосатын үлесін арттыру мақсатында ғылыми білімдердің көлемін ұлғайту, ғылыми зерттеулерді кеңейту және теңіз технологияларын тапсыруға қатысты Үкіметаралық океанографиялық комиссиясы әзірлеген критерийлер мен жетекші қағидаларды назарға ала отырып, теңіз технологияларын беруді қамтамасыз ету

**14.b** Майдагерлік балық кәсіпшілігімен айналысатын ұсақ шаруашылықтардың теңіз ресурстары мен нарықтарына қолжетімділігін қамтамасыз ету

**14.c** «Біз қалайтын болашақ» құжатының 158 тармағында көрсетілгендей Әлемдік мұхитты және оның ресурстарын сақтау және тиімді пайдалану үшін заңды негізді қалайтын Біріккен Ұлттар Ұйымының теңіз құқығы жөніндегі конвенциясында бекітілген халықаралық құқық нормаларын сақтау арқылы мұхиттар мен олардың ресурстарын сақтау және тиімді пайдалану жұмысын жақсарту

**Қазақстанда келесі міндеттер қабылданды: 14.3, 14.4, 14.5, 14.7**